



• МЕРЕЙ

Қаламгерге құрмет

Кеше облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев белгілі жазушы, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі, этнограф Төрехан Майбасты жеке қабылдап, жетпіс жас мерейтойымен құттықтады.

• ЕРКАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақы дәстүрмен мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

– Сізді мерейтойыңызбен құттықтау сәтіне бек қуаныштымыз. Ел журналистикасы мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесіңіз баға жетпес. Сіз 20-дан астам кітаптың авторысыз, ондаған жас журналистерді тәрбиеледіңіз. Сіздің барлық наградаларыңыз республика тарапынан өзіңізге берілген шынайы баға, – деді өңір басшысы кездесу барысында. – Сізге зор денсаулық, сарқылмас қуат пен амандық тілейміз!

Төрехан Майбас қазір құрметті демалыста жүргенімен, көзі қарақты оқырманын кезекті авторлық еңбектерімен қуандырдан әсте жалықпайды.

– Мен саналы газиз ғұмырымды жүгі мен жолы шытырман журналистикаға арнағанымна риясыз қуаныштымын. Бірнеше мәрте шығармашылығымға өткір әлеуметтік мәселелерді де арқау еттім. Әсілі, егемен еліміздің әрбір азаматы мемлекет пен халықтың игілігі үшін қалтқысыз қызмет етуі тиіс деп санаймын. Атамекенім, отандасым кіршіксіз көңілмен сүю дегенім, алдымен жұмысын сапалы, тиянақты тындыру. Есіл жанын еңбегіне өлшем қылу болар, құттықтап, мейманамды тасытып жатырсыздар. Алғысымды білдіремін, – деп тебіреніп, жылы лебізін білдірді мерейтой иесі.

Еске сала кетелік, Төрехан Майбас ұзақ жылдар бойы Бәйсейіт би, Сенкібай, Ағыбай, Жалантөс батырлар өмірбаяны сол кезеңдердегі тарихи фактілерді зерт-

теп, зерделеумен айналысты. 50-ге жуық ғылыми-көпшілік, этнографиялық және тарихи еңбектердің авторы. Әр жылдары облыстық, республикалық басылымдарда жемісті еңбек етті. Қазақстан Республи-

касының «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы.

Төрехан Майбас шығармашылығы қазақ халқының бай мәдениетінің сұлулығы мен бірегейлігін жеткізуге деген қайраткерлігін көрсетеді. Әдебиет пен этнография әлемінде әр еселі еңбегі күнделікті зерттеу аясына сыймайтын санаулы тұлғалар бар. Бұл – сөз өнері мен мәдениет мәйегі арасындағы қылдай нәзік шекараны батыл кесіп өтетін тұғырлы тұлға Төрехан Майбас. Оның кестелі ой орамдары елдік туабітті тұнық дәстүр байлығын ғана емес, онымен қоса, даналық қайнарынның еңселі ескерткіші қалпында халқына қызмет ете бермек.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өңірде кадрлық өзгеріс

Ермек Алпысов Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.



Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарған Ермек Амантайұлы Алпысов облыс әкімінің бірінші орынбасары болды.

Ол 2001 жылдан бері мемлекеттік қызметте. Алматы облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының жетекшісі, бас маманы, инспекторы, бөлім бастығы болды. Алматы облысы Ақсу ауданы әкімінің орынбасары, Талдықорған әкімінің орынбасары, Талдықорған әкімі, ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды.

2019 жылдан 2021 жылға дейін ҚР Ұлттық экономика министрінің орынбасары болды.

Осы тағайындауға дейін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Портал сенімді ақтайды

Быттыр әлеуметтік қызметтер портал мүмкіндігін мүгедектігі бар 600 мыңнан астам жан пайдаланды. Оның ішінде, оңалтудың техникалық құралдары, ымдау тілі қызметі, жеке көмекшінің, санаторийлық-курорттық емдеу қызметтері бар.

Мұндағы оңалту құралдарына протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ, кресло-арбалар жатады. Мүгедектігі бар адамдар оларды өндіруші мен жеткізушіні портал арқылы өзі таңдайды. Тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуы қажет. Кейін оны жеткізу арқылы немесе өз бетінше өкете алады.

Бүгінгі күні порталда 872 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін орталық (бөлімшелер), 542 оңалтудың техникалық құралдарын жеткізуші, 28 мыңнан астам жеке көмекші, 716 ымдау тілі және 104 санаторийлық-курорттық емдеу қызметтерін ұсынушы тіркелген.

«Әлеуметтік қызметтер порталы»

автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде қарастырылған.

Бүгінде елде қабылданған Әлеуметтік кодексті іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылған портал жөніндегі комиссияларға жаңа өкілеттілік берілді. Атап айтқанда, комиссия мүгедектігі бар адамдардың сапасыз тауар немесе қызмет туралы өтінішін 5 күн ішінде қабылдайды және қарайды, өнім берушіге хат жолдау және оның орындалуын бақылайды, сондай-ақ, өнім берушіні порталдан шығару және жосықсыз өнім берушілер тізіміне енгізу туралы шешім қабылдай алады.

Өз тілшімізден

• МӘСЕЛЕ

Өрт өзекті өртемес үшін

Төтенше жағдайлар департаменті дерегіне, 2023 жылы облыста 700 өрт тіркелген. Соның салдарынан 31 адам қайтыс болып, 22-сі ауыр күйік жарақатын алған. Тілсіз жаудың кесірінен қайғы жамылғандардың қатары көп. Алайда, сол өрттің қалай және қайдан шыққаны туралы не білеміз?! Жан жалмаған жаудың басты себепшісі – өзіміз, яғни, қарапайым тұрғындардың қауіпсіздікті қаперге алмайтын қамсыздығы.

• Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоғарыда аталған 700 өрт фактісінің 418-і тұрғын үйде орын алса, 142-сі – автокөлік өрті. Үйдегі өрттің туындауына тікелей газ толтырылған темір баллон себеп. Осындай оқиғалардың кесірінен 7 өрт тіркеліп, 2 адам көз жұмған. Жалпы, газ баллонға тыйым салынууда. Алайда, ағайынның сақтанар түрі жоқ. Тіпті, кілтін кеше алып, табалдырығын түнеу күні аттаған жаңа баспаналардың күлі көкке ұшып өртенгені бірінші емес. Оның барлығы өрт қауіпсіздігін сақтамағандықтан көрінеді. Бұл туралы Төтенше жағдайлар министрлігінің 52859 әскери бөлімі лейтенанты Мақсат Балжанов былай дейді.

– Облыста биіктігі 28 метрден асатын 176 көпқабатты тұрғын үй тіркелсе, оның ішінде, 166-сы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұза отырып, пайдаланылууда. Үйлердің біршамасында автоматты өрт дабылдары, сорғы күшейткіштері жоқ, немесе ақаулы. Тіпті, өрт сөндіру түтіктері, өрт сөндіргіштер жоқ. Түгінсіз баспалдақтардағы қауіпсіз аймақтары шыныланған, я болмаса жабық. Дабыл іске қосылған кезде лифтілерді түсіретін автоматты жүйелер де қарастырылмаған. Тексеріс барысында бес қабаттан жоғары көптеген пәтерлердің балқондарындағы өрт сөндіру люктері тығыз жабылғаны анықталды. Бұл бірінші себеп болса, екіншісі – газ баллон қолданудағы қателіктер, – деді ол.



Көп үйде газ құрылысын пайдаланып болған соң өшірмейді. Не ұмыт қалдырады. Ал, бұндай өрескел қателікті өрт кешірсін бе? Барлық гөп темір баллондар-

дан екенін білсек те, жасырып пайдалану тыйымдалмай тұр.

Облыста өткен жылы 16 көпқабатты үйден газ баллоны табылып, айып-

пұл салынған. Табылған баллондардың бәрі темір. Олардың жоғары жағындағы газ түтікшесінде ақау көптеп кездеседі. Жалпы, қазір технологияның жаңарған заманы. Сондықтан да, қолдануға рұқсат берілген газ баллондары бар дейді мамандар. Мысалы, композиттік баллондардың

бастысы ондағы газ мөлшері сыртынан көрініп тұрады. Алайда, мұндай баллондарды тек екі қабатты үйде немесе жер үйде қолдануға рұқсат. Себебі, газ баллон бәрібір өртке себепші.

– Әдетте көпқабатты үйлерге көтерілу және өртті сөндіріп, ондағы адамдарды құтқару уақыт алады. Сондықтан, екі қабатты және жер үйге композиттік газ баллон пайдалануға рұқсат берілген. Десек те, газ – ол жанғыш зат. Сондықтан, әрдайым техникалық қауіпсіздікті басты орынға қойған абзал. Мысалы, сұйық газ толтырылған баллон басқа жылытқыш құралдардан, электрлі жарық жаққыш тетіктерден, ашық электр сымдарынан 1,5 метрге қашық тұруы шарт. Тіпті, газ өзі тұрған пеш қазандығынан да 1 метр қашықтықта орналасқаны жөн. Газ пешке от тұтатпас бұрын алдымен бөлмені желдетіп, тазартып алу керек. Қазандыққа от жаққанда егер оның түсі көгілдір қызғылт болса, онда қауіпсіз. Газ түтікшесі қосылған қазандықты 5 секундтан артық қосуды тастамау керек. Міне, осындай ірілі-ұсақ сақтандыру шаралары облысымызда «Қауіпсіздік мәдениеті» деген атпен жылыту маусымы басталғалы бері өтіп келеді, – деп атап өтті Қарағанды облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 21 бөлімінің кіші сержанты Нұрболат Сәрсенбай.

Төтенше жағдайлар департаменті мамандары қауіпсіздікті сақтауды ұдайы қаперге салады. Тілсіз жаудың ескертусіз, елеусіз шақта шаурайдан алары жасырын емес. Жаңа жылдық от шашудың салдарынан денесін күйік басқандар қатары сөйілгені кеше ғана. 2024 жыл табалдырықтан аттамай жатып, заңсыз оташумен облыста 4 факт тіркелген. Мамандардың пікірінше, тек үнемі тексеру мен сақтық қана сақтайды екен.



• КЕҢЕС

Сот саласындағы соны өзгерістер

Өңірге жұмыс сапарымен келген Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев облыстық сотта 2023 жылы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысы бойынша кеңес өткізді. Оның жұмысына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Сот әкімшілігінің басшысы Найль Ахметзакиров қатысты. Сондай-ақ, облыстық соттың төрағасы Ерден Әріповтің, алқа төрағалары Рашид Нұрмағамбетовтің, Игорь Пак пен Мұрат Тұғанбаевтың есептері тыңдалды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Асламбек Мерғалиев алдымен өңірдің судьялар корпусын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету және жауапкершілігін күшейту, азаматтардың құқықтарын қорғаудың сапасы мен деңгейін арттыру, сот төрелігін жүзеге асыру процесіне жұртшылықты тарту және сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған бастамаларымен таныстырды.

Одан бөлек, Асламбек Амангелдіұлы аудандық соттардың төрағаларын сайлау элементтерін енгізу, бұл лауазымды 2 реттен артық атқаруға тыйым салуды жою, Жоғарғы Сот судьяларын Сенаттың баламалы негізде сайлау механизміне де тоқталды.

Судьялық кандидаттарды даярлау, біліктілігін арттыру, жас шектеуін ұзарту, қызметтегі судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату мәселелерін Жоғарғы Сот Кеңесі қарайды.

Осылайша, Кеңес судья кадрларын іріктеуге, олардың мансаптық өсуіне және құрметті отставкаға шығуына толық жауапты болады, – дейді Асламбек Мерғалиев.

Жоғарғы Сот төрағасы күштік органдардың судьяларға ықпалын жоюға да тоқталды. Бұдан былай судьяларға қатысты арнайы жедел-ізделістері іс-шараларын санкциялау жөніндегі өкілеттіктерді облыс прокурорлары емес, Бас Прокурор атқарады.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, елімізде Сот жюриінің күші жойылған сот актілерін тексеру екі есе азайған. Бұл заңды өрескел бұзу болып табылады. Ал, Қарағанды облысының соттарында мұндай бірде-бір өрескел бұзушылық жоқ.

Сот саласындағы тағы бір жаңашылдық – судьяларды кәсіби бағалау өлшемшарттары онтайландырылып, олардың әлеуметтік пакеті жақсарды.

Асламбек Мерғалиев сот жүйесінің цифрлық сервистері – жаңа интеллект элементтері бар «Сот практикасының цифрлық

талдау» және сот орындаушыларының қаулыларын санкциялауды роботтандыру мен кәсіптік талмаған балаларға алимент өндіру туралы сот бұйрықтары жай-

ында да атап өтті. Жоғарғы Сот төрағасы өңірдің сот корпусының назарын құқық үстемдігі мен сот төрелігін жүзеге асыру сапасын қамтамасыз етуге



Реформа –
өміршең өзгерістер



Сурет облыс әкімінің сайынан

атқарушы органдары өткен жылы әкімшілік істердің 61%-ы бойынша ұтылған. Олардың басым бөлігі – тұрғын үй мен жер дауы. Асламбек Мерғалиев жергі-

лікті мемлекеттік органдар басшыларының сот практикасына сараптама жасап, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдаулары қажет екендігі туралы айтты.

2023 жылы Ұлттық статистика бюросының бағалауы бойынша, өңірдегі соттарға халықтың сенім деңгейі 52,7% болғанына кеңеске қатысушылар назарын аударды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен судья әдеби нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етуге соттар төрағаларының жеке жауапты екенін айта келіп, спикер соттардағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерін түбегейлі жою және халықтың сенім деңгейін арттыру жұмыстарын жандандыру қажеттігіне тоқталды.

Кеңес соңында сот жүйесінің ардагерлері Әбдішім Салин мен Әлихан Сағиевқа «Мінсіз қызметі үшін» медальдары салтанатты түрде табыс етілді.

Отырыс жұмысынан кейін Асламбек Мерғалиев облыс тұрғындарын жеке қабылдады.

Жұмыс сапары аясында А.Мерғалиев пен Н.Ахметзакиров Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында болды. Президенттің қыркүйектегі Жолдауындағы тапсырмаларды орындау мақсатында «Отбасылық соттың» соттылығын кеңейтуді ескере отырып, оның қызметімен танысты.

Құтқарушыларға нақты қолдау

Арқаның қысы қатты әрі ұзақ. Ауа райының қолайсыздығы құтқарушыларға да оңайға түспейді. Аймақта жанкешті қызмет иелеріне саналы жұмыс атқаруға қажетті жағдай жасалуда. Атап айтсақ, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құтқарушыларға жана техникалардың кілтін салтанатты түрде табыс етіп, күн сайын адамдарды құтқаратын шұғыл қызметтер паркін уақытылы жаңғырту қажеттігін атап өтті. Осылайша, төтенше жағдайлар департаментінің гарнизоны қажетті 23 жаңа техникамен толықты.

Ресми дерекке сүйенсек, жаңа көліктердің арасында өрт сөндірушілер мен авариялық-құтқару машиналары бар.

Кейінгі жылдары жер бетінде жаһандық климаттық өзгерістерге байланысты табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі артып келеді. Бұл жағдайда құтқару қызметінің ролі ерекше.

Құтқарушыларға табысталған техниканың 2023 жылғы республикалық және облыстық бюджет қаржысы есебінен алынғанын айта кеткен жөн.

Қарағанды қалалық гарнизонына IVECO шассінде өрт сөндіруге арналған автоцистерналар және жоғары өтімділігі бар бес тонналық автоцистерна, сондай-ақ «Байкал» және «Трэкол» қарда өтімділігі жоғары көлік, Яс маркалы шассиде шағын автобус, Mitsubishi жоғары өтімділігі бар автомобиль және Chevrolet Cobalt жеңіл машинасы табыс етілді.

Бұдан бөлек, Теміртау, Шахтинск және Нұра ауданының гарнизондары жоғары өтімді бес тонналық автоцистерналарға ие болды. Қарқаралы ауданына табиғи өрттерді сөндіру үшін осындай екі автоцистерна және Яс маркалы шассиде екі пикап табысталды. Осакаров ауданының гарнизоны өртті сөндіруге



Сурет облыс әкімінің сайынан

арналған бес тонналық автоцистернамен және табиғи өрттермен күресуге арналған пикаппен толықтырылды. Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарына пикаптар табысталды.

Сіздердің жұмыстарыңыз қоғам үшін өте маңызды. Соңғы борандар мұны дәлелдеді. Өмірді құтқару, төтенше жағдайлардың алдын алу – басты міндет. Сондықтан, республикалық және облыстық бюджеттер есебінен жыл сайын арнайы техниканы жаңар-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

туға тырысамыз. Қазір 23 бірлік жаңа техника сатып алып, табыстап отырмыз. Биыл тағы қосымша техника сатып алуға жоспарлап отырмыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде, Қарағанды облысының Азаматтық қорғау ор-

аражат көлемі артып келеді. Мәселен, өткен жылы аймақтың төтенше жағдайлар департаментіне 188 өрт және авариялық-құтқару техникасы жеткізілген.

Құтқару бөлімшелерінің техникалық жарактандырылуын арттыру авариялық-құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. 2024 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен 20 бірлік техника, оның ішінде, 50 метрлік өрт сөндіру автосатысын сатып алу жоспарлануда, – деп атап өтті аймақтың төтенше жағдайлар департаменті

• ДЕНСАУЛЫҚ

Жағдай жасалған, мүмкіндік мол

Ауылдық елді мекендерге медицина мамандарын тарту үшін жергілікті органдар түрлі әдістерді қарастыруда. Мәселен, бытыр аймақта алғаш рет қосымша қаржылай қолдау енгізілді. Ауылға барған медицина қызметкерлеріне мамандықтарына қарай 1,5 миллионнан 5 миллион теңгеге дейін берілді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың денсаулық сақтау басқармасының ұсынған дерегіне, жалпы практика дәрігері, терапевт, педиатр, анестезиолог, реаниматолог сияқты сұранысқа ие мамандар үшін көтерме қаржы 5 млн. теңге. Бейінді мамандар – кардиологтар, невропатологтар, хирургтарға – 3,5 млн. теңге, орта медицина қызметкерлері мен фармацевтер үшін – 1,5 млн. теңге.

Мүмкіндікті пайдаланып, ауылға барғандардың бірі – Жанат Жағозина. Ол жұбайы екеуі Ботақара кентінің ауруханасына жұмысқа орналасқан.

– Мен жалпы практика дәрігерімін, жұбайым – акушер-гинеколог. Жұбайым қосымша өрт сөндіру депосын және Қарағандыда құтқарушылардың оқу-жаттығу кешенін салу және Теміртаудағы өрт сөндіру депосын күрделі жөндеу жұмыстары да бар.

Өз тілшімізден

таратқан дерек бойынша 70-ке жуық маман ауылда еңбек етуге ниет білдіріпті. Олар «Ауылдық медицинаны жаңғырту» ұлттық жобасы және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан жаңа нысандарда жұмыс істейтін болады. Бытыр құрылысы басталған 20 медициналық нысан бүгінде науқастарды қабылдай бастады.

Нұра ауданының Байтуған, Заречное ауылдарында жаңа нысан ашылды. Заманауи ғимаратта дәрігер үшін де, келуші үшін де жағдай жасалған. Нұра ауданы аудандық ауруханасының директоры Урал Мазитовтың айтуынша, биыл ауданда тағы да медициналық нысандар бой көтереді.

– 10 медициналық нысан салынуы тиіс. Оның біреуі – дәрігерлік амбулатория, үшеуі – фельдшерлік-акушерлік пункт және қалғаны медициналық пункт болады. Жаңа медициналық құралдар алынып, ЭКГ, ортоскоптар, шағын зертхана жұмыс істейді деген жоспар бар, – деді аурухана директоры.

Аймақта 2023-2024 жылдары барлығы 92 нысан салынуы тиіс.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ғалымдар топ жарды

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жас ғалымдары мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атанды. Қазақ ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жастардың бұл алғашқы жетістігі емес.


Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанның талантты жас ғалымдарына берілетін 50 мемлекеттік ғылыми стипендия қатарында қарағандылықтардың зерттеуі ерекшеленіп, топ жарды. Қарағанды университетінің ғылыми зертханасының жетекшісі Сұңғат Ақажанов және Қарағанды индустриалды университетінің доценті Ан-

дрей Волокитиннің айтулы жетістігін отандық оқу ордаларының профессорлары ерекше бағалауда.

Геотехника саласында жұмыс істейтін Сұңғат Ақажанов Каспий теңізінің қазақстандық жағалауындағы порттардың кадалар іргетастарын салу үшін геоақпараттық карта жасаумен айналысады.

– Бұл порт құрылысы аумағының инженерлік-геологиялық деректерін қар-



Сурет облыс әкімінің сайынан

таға түсіруге және талдауға арналған заманауи компьютерлік цифрлық технология болады. Бағдарлама жобалау мен іздестіру жұмыстарының мерзімдері мен шығындарын қысқартуға, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деп түсіндірді Сұңғат Ақажанов.

Ал, Андрей Волокитин «Металдарды қысыммен өңдеу» кафедрасының доценті болып жұмыс істейді. Жобаларының басым бөлігі металл өңдеу саласындағы технологияларды жетілдіруге бағытталған.

Алдағы уақытта стипендия иегерлері әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өте алады.

• КЕЗДЕСУ

Жетістік формуласы

Көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, депутаттың өмірлік тыныс-тіршілігімен таныса отырып, мамандығын сол салаға бағыттағысы келетін қыз-жігіттер аз емес. Алайда, жастарға халық қалаулыларымен кездесіп, депутаттармен әңгімелесу бақыты бұйыра бермейді.

Жақында Қарағандыға арнайы іссапармен Парламент Мәжілісінің депутаты, «Қазақстанның Құрметті заңгері» Унзила Шапақ келді. Өзі білім алған қарашаңырақ – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жастарымен жүздесті.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Депутат әсерлі кездесудегі алғашқы әңгімесін «Жетістіктің басты құпиясы – сапалы білім мен саналы тәрбиенің ұштасуында» деп бастады.

– Жарысқа түскен сәйгүлік секілді елден қалмайын, бір қадам болсын көш алдында жүрейін деген бойдағы күш адамды алға итермелейді. Қызмет жолында адам баласы өзіне сай бәсекелестікке кезігеді. Өмірдің бір белесін бағындырған соң адамзат өз қолымен жасампаз дүниелерді жасай бастайды. Сол дүниесі өзінің құндылығына ай-

налады. Адам баласы белгілі бір жетістікке жеткеннен кейін «өз ұлтыма, Отаныма қандай игі іс істедім?» деген сауалға жауап іздей бастайды, – дейді депутат.

Заңгер әр адам қоғамда өз орнын табатынын айтады. Алайда, жұмысыңды ұнатпасаң, нәтижеге жетемін деп ойлау – қате.

– Егер өзіне ұнамайтын іспен айналысса, ондай жұмыстың сапасы болмайды және бар ын-тасымен істемегендіктен адам қызмет бабында өспейді. Мамандығының шебері бола алмайды. Жұмысыңды ұнатпасаң, нәтижеге жетемін деу дұрыс емес. Оған қоса, алға қойған мақсатқа жету үшін үнемі жақсы ортаны

таңдап, соған сай бейімделу керек. Жанында жүрген, өзін үлгі тұтатын тұлғалардың өткен жолымен жүріп, жақсысын алып үйренген жөн, – дейді ол.

Кездесуде оқуда әрі қызмет жолында өзіне үлгі тұтқан ұстазы – Нұрлан Дулатбековтің біліктілігі туралы айтып өтті.

– Көп істің бағытын, қызметтегі істің тетігін Нұрлан Орынбасарұлынан үйрендім. Шәкірттің қандай адам болып қалыптасуы тікелей ұстазына байланысты екеніне көзім жетті. Білікті ұстаздан тәлім алып, ізгі ортада жүрдім, – дейді Унзила Шапақ.

Кездесуде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің

ректоры Нұрлан Дулатбеков шәкіртіне алғысын білдіріп, отыз жыл бұрын жазған курстық жұмысын табыстады. Сондай-ақ, Унзила Шапаққызына академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Құрметті профессоры атағы берілді.

– Унзиланың талпынысы жоғары, білімге құштар болды. Диплом жұмысына жетекшілік ету мақсатында заңгер тұлға, заң ғылымының докторы, профессор Салық Зиманұлына өтініш жасадық. Ол кісі жасын келді, жұмыстан демаламын деген қарсылық білдірді.

«Унзила Шапақ Моңғол тілінде Шыңғысханды жатқа айтады» дедім. Салық Зиманұлы қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне қатысты дүниелерді жақсы көретін. Сөйтіп, Унзиланың ғылыми жетекшісі Салық Зиманұлы болды. Ол кезде ғылыми жетекшілердің студентке қоятын талабы – зор ізденіс. Осылайша шәкірттер үмітімдізді ақтады, – деп бөлісті естелігінде Нұрлан Дулатбеков.

Унзила Шапаққызымен кездесуде жастар көкейіндегі сауалдарын қойды. Білікті заңгер өзіндік жетістіктің формуласымен бөлісіп, Қарағандыға жол түскенде жастарға дәріс оқып тұруға уәде берді.

Бүгінгі таңда Унзила ханым 70-тен астам ғылыми мақаланың авторы, құқық теориясынан 10 типтік бағдарлама бойынша авторлық ұжым мүшесі, сондай-ақ, ғылыми заң саласында беделді ғалым.

1973 жылы Ұланбатыр маңындағы Налайхы қалашығында дүниеге келген ол Отанына оралған соң Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін үздік тәмамдады. Кейіннен Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасында оқытушылық қызметке кірісті.

болғаным қуаныштымын, – дейді Арман.

Теміртау қаласында қолға алынған жас мамандарға арналған жеңілдетілген несие беру бағдарламасы биыл да жалғасын тауып,

• ӨЗЕКТІ

Қар күрсауында қалмайды

Жыл басталғалы қар төпелеп жауып, соны боранға ұласты. Қарағанды көшелерін қар басты. Бұл, әлбетте, көлік қозғалысына кедергі тұғызуда. Қарағандылықтардың тарапынан шағымдар түсуде. Шаһар әкімі Мейрам Қожухов әлеуметтік желідегі парақшасында тұрғындардан шыдамдылық танытуды өтіңді. Қаланы қардан тазартуға уәде берді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Күндіз-түні қар тазалау жұмыстары тоқтаусыз. Жолдарды, оның ішінде, аялдамалардың қары күреліп жатыр. Жаяу жүргіншілерге арналған жолдар да назардан тыс қалмайды. Бәрін уақытында атқаруға тырысамыз. Қазір қаланың ішінде көлік қозғалысына кедергі жоқ. Бірақ, қардың соны боранға ұласты. Қарды бір орынға үйіп, шығару жұмыстарына кірісіп кеттік.

көлік тұрақтары да тазартылатынын атап өтті. Бірақ, тұраққа қойылған көліктердің кесірінен бұл жұмысты атқару мүмкін емес еді.

Өзінің Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасында қала әкімі «Тұрақтарды арнайы техникамен тазарта алмаймыз. Өйткені, көліктер бөгет. Көліктерге зақым келмесін деп, күрепке тазалауға мәжбүрміз. Бірақ, күрепке тазалау – уақытты және күшті шығындайды» деп жазыпты.



Мердігерлердің бәрі жұмылдырылған. Аз-кем шыдамдылық танытуларыңызды сұраймын. Бұл мәселе қатаң бақылауда, – деді Мейрам Қожухов.

Сонымен қатар, қала әкімі тазалауды қажет ететін көшелер болса, хабар беруді өтіңді. Қар үйілген жерді бейнекамераға түсіріп, 8 702 557 8257 телефон нөмірінің Watsap мессенджеріне жіберуге болады. Қала басшысы

Ал, көпқабатты үйлердің және меншік аумақтарын әркім өзі тазалауы тиіс.

Қазыбек би атындағы ауданның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету бөлімі мамандарының айтуынша, қала көшелерін тазартуға 120 техника мен 80 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Оның ішінде, арнайы техникалар, автогрейдерлер, тракторлар бар.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жас мамандарға баспана берілді

Теміртау қалалық әкімдігі жастарға қолдау көрсетіп, жағдай жасауды мақсатты етеді. Соның жарқын бір көрінісі – жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша 37 жас маманға қайтарма нарықтан сатып алынған пәтерлердің кілтін оларға қала әкімі Ораз Тәуірбековтің өткен аптада салтанатты түрде тапсыруы.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімдігінің «Отбасы банкпен» бірлесе жүзеге асырып отырған бұл «Теміртау жастары» бағдарламасына қатысу үшін 35 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары болуы, өзі мен отбасы мүшелерінің осы қалада тұрақты тіркелуі, олардың соңғы 5 жылда жылжымайтын мүлкінің болмауы, таңдаған қызмет саласында ресми жұмыс өтілі кемінде 1 жыл болғаны зейнетақы шотынан алынған үзінді көшірмесімен расталуы тиіс екен.

Міне, баспана алуға өтініш беріп, жоғарыдағы бағдарлама талаптары бойынша іріктеліп, конкурстан өтіп, пәтер кілтін алған 37 адамның арасында білім беру жүйесі 15 өкілі, 9 денсаулық сақтау, 12 техникалық және 1 БАҚ қызметкері бар. Әсіресе, осы бағдарламаға қатысқан бірден-бір журналист, қаладағы ТТК телеарнасы қазақ редакциясының бас редакторы Арман Әбілхасымның шаттығында шек жоқ. Бұдан 3 жыл бұрын үйленіп, жұбайы және



баласымен ата-анасының қолында тұрып келе жатқан 26 жастағы азамат енді аталған бағдарламаның арқасында өз алдына 3 бөлмелі пәтерге ие болды.

Арман бұрын тұрғын үй ипотекасын аламын деп қанша оқталғанмен, банктердің несие

беру пайызы 20 және одан да жоғары болуынан, қолдарында төлей қоятын бастапқы жарнаның жоқтығынан да оған батылы бармай, тайсақтап жүрген екен.

– Дәл осы кезде қала әкімді-

гі жас мамандарға жеңілдетілген ипотекалық несие беретінін естіп, қатты қуандым, – бірақ оны алуға тілек білдірушілер көп болғандықтан көңілімде күдік тұрғаны рас. Дегенмен, сәтін салып, берген өтінішім конкурстық іріктеуден өтіп, кең де жайлы баспаналы

оған мемлекеттік ұйымдардың штаттық қызметкерлері, педагогтар, спортшылар, журналистер, әлеуметтік қызметкерлер, мәдениет және «Qatmet» компаниясының өкілдері де қатыса алатын көрінеді.

ТЕМІРТАУ



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 03 қаңтардағы ұйғарымымен (іс № 3514-23-3-1/7838) борышкер «ИнвестСпецСтрой» ЖШС-не, БСН 991140001216 қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды, заңды мекенжайы: ҚР, Қарағанды к., Камская көш., 1.

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 03 қаңтардағы ұйғарымымен (іс № 3514-23-3-1/7844) борышкер «Stroy time KZ» ЖШС-не, БСН 220440040365 қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды, заңды мекенжайы: ҚР, Қарағанды к., Ленинградская көш., 40.

№4

Қарағанды облысы әкімінің аппараты көмектестік толмағандардың құқықтарын қорғау және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі бас инспектор Гайни Сатжановна Карисоваға орны толмас ауыр қаза ағасы

Аман Мамырханұлы ЕЛШИЕВТІҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ЭКОЛОГИЯ

Жаңалық мәдениетке үндейді

Қарағандыда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін арнайы пункттер ашылып, жаппай еуро-контейнерлер орнатылып жатыр. Енді мұндай орындар тәулік бойы операторлар назарында болмақ. Мамандар «Бұл тұрғындар арасында қоқысты сұрыптау мәдениетін қалыптастыру үшін қажет» дейді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда тұрмыстық қалдықтарға арналған 800 астам бөлек. Өкінішке қарай, сондай контейнерлердің дені әбден ескірген. Көбі қирап, бүлінген.

Енді бұл орындарда жаңа қоқыс жинау пункттері пайда бол-

ды. Сонымен қатар, пластик, шыны, немесе, қағазды сұрыптау контейнерлері орнатылып жатыр.

– Қоқыс жинау барысы оператордың жауапкершілігінде. Тазадық – солардың мойнында. Қатты қалдықтарды сұрыптау үшін бар жағдайды жасауға тырысамыз. Яғни, пластик, картон, қағаз, шыныға арналған бөлек орындар



қарастырылған. Тұрғындар бұны ескерсе екен, – деді қоқыс шығару бойынша коммуналдық қызметтің санитарлық тазалау ше-

бері Марина Потешина.

Әзірге қаланың бірнеше шағын ауданында 17 пункт жұмыс істеп тұр. Тұрғындар «Мұндай орындар шаһар тазалығы үшін ауадай қажет» дейді.

– Бұрын қоқыс манайға шашылып жататын. Жел тұрса болды, берекеміз қашады. Бұл жаңалыққа қуанып қалдық. Қоқыс шашылған жерде вирус, инфекция да жүреді. Балаларымыздың денсаулығына алаңдайтын едік, – деді қала тұрғыны Майраш Әбдірахманова.

Еуро-контейнерлерге жиналған қоқысты тасымалдау үшін заманауи техника сатып алыныпты. Тұрмыстық қалдықтарға арналған станция ашылды.

• ЖЕҢІСТІ ЖОЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Балғын спортшыларды баулиды

Шахтинск қаласында 2022 жылдың күзінде Дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып, пайдалануға берілгені осындағы спортқа құштар жас жеткіншектердің көзі ашылды. Сол уақыттан бастап, бұрын көрінген бұрышты сағалап келген Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі осы жерден тұрақ тауып, түпкілікті орнықты.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған мектепке кешенің ішінен 4 бөлме бөлініп, спорт залының бәрі 6-16 жас аралығындағы балғындардың тегін жаттығуына берілген. Сабақтан бос уақыттарында осында келіп, спортпен айналысатын 850 бала әр күні таңертеңгі 9:00-12:00, түстен кейінгі 16:00-19:00 сағат арасында шынығып, шеберліктерін шындай алады. Бұған дейін олар спорттың грек-рим және казак күресі, жеңіл және ауыр атлетика, футбол, баскетбол, волейбол сияқты түрлерімен шұғылдана, енді жаңа оқу жылынан бастап, оған бокс, тоғызқұмалақ, суға жүзу, дзюдо қосылған.

Міне, осы спорт түрлеріне жас өрендерді мектептегі 23 жаттықтырушы үйретіп, баулып, алдағы жарысты додаларға дайындайды. Нәтижесінде, олардың шәкірттерінің арасынан түрлі деңгейлердегі бәсекелерде топ жарып, жүлде алып жүргендер аз емес. Мәселен, Владимир Клименко ауыр атлетикадан Қазақстан чемпионы атанып, Қайрат Есбол казак күресінен екі мәрте облыстық «Жас барыс» турнирінің жеңімпазы болса, Сұлтанбек Рүстем дзюдодан өткен ел чемпионатында III орын, ал, Тимур Валиуллин жүгіруден II орын алған. Жаттықтырушы Александр Сафронов баптаған Юсуп Нурмухамедов жуырда Галым Жарылғаповты еске түсіруге арналған Халықаралық бокс

турнирінде 91 келі салмақ дәрежесінде II орыннан көрініпті. Бұдан бөлек, мектептің баскетболшылар командасы 2011, 2012 жылдар қатарынан екі рет облыс чемпионы атағын иеленген.

Жас спортшылардың осындай дүбірлі жарыстарда жеңіп алған кубоктары мен медальдарын, дипломдары мен грамоталарын бізге мақтана көрсеткен мектеп директоры Аманжол Тілеубек оларды сол сындарға мектеп қаражаты есебінен жіберіп отыратындарын айтады. Ол бұл орайда өздері қарайтын облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының осы мақсаттарға биылғы оқу жылында 9

сайланған Аманжол Тілеубекұлы: – Біз балаларды спортқа баулып қана қоймай, «Өнегелі өмір» жобасы аясында оларды ізгілік пен қайырымдылыққа тәрбиелеуді де ойдан шығармаймыз. Соның негізінде олар түрлі жағдаймен кемтар болып қалса да, өмірге құштарлығын жоғалтпаған жігерлі жандармен жүздесіп, әңгімелерінен ғибрат алып, қолдан келгенше оларға да көмек береді, – дейді.

Мектеп басшысының тағы бір көздеген мақсаты Шахтинск қаласы аумағына енетін Шахан, Долинка, Жаңа Долинка, Северозападный кенттерінің балаларын да бұқаралық спортқа тарту болып отыр.



миллион 200 мың теңге бөлгеніне ризалығын білдірді.

Алматы қаласындағы Туризм және спорт академиясын бітіріп, қала мектептерінде мұғалім, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып, қалалық мәслихатқа депутат та болып

Сол үшін облыс әкімдігінен автобус сұрағандарына да біраз уақыт болыпты. Егер ол мәселе шешімін тауып жатса, Шахтинск аймағының жас өндірілері спортпен түгел қамтылады деп есептейді.

ШАХТИНСК
Суреттерді түсірген автор.

• ФУТБОЛ

«Шахтерда» – жаңа атқарушы директор

«Шахтёр» футбол клубы директорлар кеңесінің шешімімен Асқар Зубайділдаұлы Әбілдаев атқарушы директор қызметіне тағайындалды. Бұған дейін бұл міндетті Ерлан Оразаев атқарған болатын.

Асқар Зубайділдаұлы – Қазақстан футбол федерациясының жалпы футбол департаментінде директор және «Шахтёр» мен «Каспийдің» атқарушы директоры ретінде жұмыс істеп, «Астананың» спорт директоры қызметінде болған. Оған қоса, Қазақстан футбол федерациясының және департаментінің директоры болып қызмет еткен.

Бұдан бөлек, Асқар Әбілдаев футболшы ретінде қарағандылық «Шахтердың», павлодарлық «Аңса» және алматылық «Қайраттың» сапында өнер көрсеткен.



• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Қысқы маусым басталды

«DOSTYQ FOOTBALL LIGASY» шағын футбол лигасы екінші жылдың алғашқы, яғни, қысқы маусымын бастады. Өткен жылдың күзгі маусымында жазғы маусым чемпионы «Esengali» командасы ауыспалы кубокті «Айтғыскер» құрамасына аманаттаған.

Бір жыл бұрын төрт командамен бас-талған әуесқойлар лигасының қысқы маусымында 16 команда бақ сынасады. Атап айтсақ, «Айтғыскер», «Бауырлар», «Алаш», «Жайдарман», «Арлан», «Сәкен театры», «Жауынгер», «Е.Бөкетов университеті», «Н.Нұрмақов мектебі», «Филармония», «Дарабоз», «Жакко», «ҚАЖ», «Барбершоп», «Сарыарқа», «Жайдарман 2» командалары.

Бұл жолы ереже де бөлек. Бірінші айналымда көп ұпай жинаған сегіз команда үлкен кубокқа, аз ұпай жинаған екінші сегіз команда кіші кубокқа таласады. Сонда тартысты әрі қызықты болады деп ойлаймын. Бастысы – достықты нығайту. Достардың санын арттыру, саламатты өмір салтын насихаттау, – дейді лига президенті Аман Хамит.

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Желаяқтар желдей есті

Қарағандыда жеңіл атлетикадан 59-шы облыстық біріншілік өтті. Оған 2009-2010 жылдары туған 87 жасөспірім мен 115 қыз қатысып, бақ сынасты.

Барлығы 66 медаль сарапқа салынды. Қыздар арасында 50 метрде және 300 метрде Юлия Демкина, 600 метр қашықтықта Виктория Чичерина, 1000 метр һәм 2000 метрде Аида Ақылбекова жеңіске жетті.

Ал, жасөспірімдер арасында 600 және 1000 метр қашықтыққа жүгіруден Дмитрий Спасский үздік шықты. Ұзындыққа секіруден Андрей Ким оза шапса, алысқа шарлақтырудан Марк Борченко қарсылас шак келтірмеді. 50 метрге кедергілер арқылы жүгіру сайысында Афина Чолакиди топ жарды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубок және ақшалай сыйлық иеленді.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ел намысын қорғайды

Ұлу жылы Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі қандай маңызды спорттық шаралар жоспарланғанын айтып жеткізді.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

2024 жылдың 19 қаңтарынан 1 ақпанына дейін Канвонда (Оңтүстік Корея) IV қысқы жасөспірімдер Олимпиада ойындары өтпек. Оған дайындық барысында 5 спорт түрінен 42 спортшы 30 жолдама алды.

Сонымен қатар, алдағы жаздың 26 шілдесі мен 11 тамызы аралығында 205 елден 10 мыңнан астам спортшының қатысуымен өтетін Париждегі жазғы Олимпиада ойындары бар. Дүбірлі додала спорттың 32 түрінен 329 медаль жиынтығы ойналады. Ал, Қазақстан құрамасы соның 20 түрінен сайысқа түседі.

Сондай-ақ, Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары да биыл 8-14 қыркүйек аралығына жоспарланған. Бұл біздің еліміз үшін маңызға толы тарихи оқиға болмақ. Оған әлемнің 100-ден астам елінен делегация қатысады деп күтілуде. Бағдарламаға 20 конкурстық

және 10 демонстрациялық спорт тіркелген. Жарыста 110 медаль жиынтығы ойналады. Оның ішіне ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, құс аулау, дәстүрлі интеллектуалдық ойындар да бар. Қазіргі уақытта Ұлттық құраманың дайындығы басталып, оқу-жаттығу өтіп жатыр.

Биыл Астанада бокстан әйелдер арасындағы Әлем чемпионаты өтеді. Бұл туралы Ташкентте (Өзбекстан) өткен Халықаралық бокс қауымдастығының (ИБА) ресми отырысында айтылды. ИБА федерациясы президентінің айтуынша, турнирдің жалпы жүлде қоры 4,8 млн. АҚШ долларын құрайды. Бас жүлде алған спортшы 200 мың АҚШ долларына иелік етеді. Сонымен бірге, 2024 жылдың қараша айында Астанада самбодан Әлем чемпионатын өткізу жоспарланған. Өткен жылдың күзінде Ереванда өткен САМБО-ның 48-ші Әлем чемпионатына 65 ел қатысты. Жалпы есепте Қазақстан құрамасы бір алтын, екі күміс және бес қола медальмен үшінші орынды иеленді.

Мұражайдан тарту

10 ақпанда Қарағанды 90 жылдығын тойлайды. Мерейтойға орай бейнелеу өнері мұражайында көрме өтуде.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Қарағандылықтар көрмеге келіп, қала тарихымен таныса алады. Суретшілердің өнерін тамашалауға мүмкіндік бар. Тарих қылқалам шеберлерінің кенептерінде мәңгі қалады, – дейді мұражай басшысы Бибігүл Құдабаева.

Көрме ұйымдастырушыларының айтуынша, көрмен өнер туындыларын тамашалау арқылы туған қаласына қатысты небір қызықты оқиғалармен танысады.



Сурет облыс ақпараттық сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың м.а. – Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шер, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күшіне енгізілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJ8KZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 3 тапсырсы. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Баспасы қолбас бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Аяулым СОВЕТ